

23 караша,
Сейсенбі,
2021 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930

жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

БАЛҒЫН ПАЛУАНДАРДЫҢ БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕСІ

ӨТКЕН АПТАНЫҢ ЖҰМА, СЕНБІ КҮНДЕРІ ОЙЫЛ СЕЛОСЫНДАҒЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІНДЕ ҚАЖЫМҰҚАН МҰҢАЙТПАСҰЛЫНЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ЖӘНЕ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ЕРКІН КҮРЕСТЕН 2009 – 2010, 2011 – 2013 ЖЫЛЫ ТУЫЛҒАН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР ӨТТІ.



Дүбірлі додаға Ақтөбе облысының грек-рим, еркін күрес федерациясының вице-президенті Даурен Жабаев, еркін күрестен бірнеше дүркін өлем чемпионы, ардагерлерге арналған күрес бөлімі (еркін күрес, грек-рим, дзюдо, самбо, грэпплентген) жаттықтырушы, Қазақ спорт және туризм академиясының құрметті профессоры Қуаныш Мырза, Ақтөбе облысы өкімдігінің қоғамдық кеңесінің төрағасы Марат Қойлыбаев, еркін күрестен КСРО спорт шебері, Қазақстан чемпионы, ардагерлер арасында 2021 жылғы ашық Ресей чемпионатының жеңімпазы Сабыржан Жолдаев, МК UWW төрешісі, ардагер-шеберлер арасындағы еркін күрестен өлем чемпионатының қола жүлдегері, ТМД және Балтық елдерінің чемпионы Тағыберген Сейітбекұлы, еркін күрестен және грэпплентген 6 дүркін өлем чемпионы, Әнуар Усұмбаев, бір көтеруден еңбек сіңірген спорт шебері, 12 дүркін өлем чемпионы, 21 дүркін Қазақстан чемпионы, 2 дүркін Еуропа чемпионы, өлем рекордшысы, абсолюттік рекордшы Евгений Гончаров пен 2015 жылы Қазақстан Президенті кубогының қола жүлдегері, 2018 жылы Азия чемпионы атанды. 2018 жылғы Будапешт қаласында өткен өлем чемпионатының күміс жүлдегері, 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында өткен Өлем чемпионатында қола жүлдегері, Токио Олимпиадасының қола жүлдегері Нұрислам Санаевтар келді.

Облыстық жарысты салтанатты ашқан аудан әкімі Асқар Қазыбаев жұртшылықты спорт мерекесімен құттықтап, аудан өкімдігінің атынан

өліміздің мақтанышы, еркін күрестен өлем чемпионатының күміс жүлдегері, Азия чемпионы, Токио Олимпиадасының қола жүлдегері Нұрислам Санаевқа ат мінгізіп, иығына шапан жапты. Салтанатты сәттен соң еркін күрестен өлем чемпионатының күміс жүлдегері, Азия чемпионы, Токио Олимпиадасының қола жүлдегері Нұрислам Валентинұлы Санаевтың қатысуымен шеберлік сағатын өткізді.

Еркін күрестен байрақты бәсекегерге енді-енді қадам басқан балғын палуандарымыз Нұрисламның бағындырған белестеріне қызығушылық танытып, шеберлік сағаттарына үлкен белсенділікпен ат салысты. Сондай-ақ, Олимпиада жүлдегерін «тірілей»

көріп, тікелей тілдескен балғын палуандар жолын берсін деген тілекпен естелік суретке түсіп, жетістікке жетудің жолы еселеп төгілген мандай тердің арқасында екенін ұғынды.

Аталған спорттық додаға Ойыл, Ақтөбе, Мәртук, Қобда, Байғанин, Қандағаш, Темір, Алға, Мұғалжар және Батыс Қазақстан облысының командалары қатысып, боз кілемде 246 балғын палуан бақтарын сынады.

Бірін-біріне есе жібермеуге тырысқан жас түйғындар боз кілемде бар білгендерін көрсетіп, жарысты өп-сәттен қыздыра түсті. Жерлестерімді кілемге шыққанда «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын!» - деген тілеулес жанкүйерлердің жас палуан-

дарға жігер берген қиқуынан құлақ тұнды.

Әлбетте «Бақ шаба ма, бап шаба ма?», демекші, палуандардың бұл спорт түрін жетік меңгергенімен, баптан гөрі бақтың да жанған шақтарына күй болды. Десе де біздің ойылдық палуандарымыз барлық салмақ дәрежесі бойынша жүлделі орындарды қанжығамызға байлап берді. Нақтырақ айтсақ, 2009-2010 жылы туылған жасөспірімдер арасындағы сында 26 килограмм салмақ дәрежесі бойынша С.Болатұлы III орын, 29 килограмм салмақ дәрежесі бойынша Д.Бітімбаев I орын, Е.Әдіпұлы III орын, 32 килограмм салмақ дәрежесі бойынша М.Ұланұлы I орын, Д.Айғалиұлы II орын, 35 килограмм салмақ дәрежесі бойынша Е.Бауыржанұлы мен Д.Мұханбетов III орын, 38 килограмм салмақ дәрежесі бойынша А.Шыңғу I орын, Ә.Ықылас III орынды жеңіп алды.

2011-2013 жылы туылған жасөспірімдер арасында 20 килограмм салмақ дәрежесі бойынша М.Рысқалиев I орын, 23 килограмм салмақ дәрежесі бойынша Ф.Алтаев I орын, 26 килограмм салмақ дәрежесі бойынша М.Алпысбай II орын, Ә.Аманжанов III орын, 29 килограмм салмақ дәрежесі бойынша А.Нығметов III орын, 32 килограмм салмақ дәрежесі бойынша Н.Өтеғұлов III орын, 35 килограмм салмақ дәрежесі бойынша М.Берекет II орын, 38 килограмм салмақ дәрежесі бойынша О.Жолдығалиев III орын, 48 килограмм салмақ дәрежесі бойынша А.Алтай I орын, Ә.Қанат пен А.Балтаев III орынды еншіледі.

P.S.

Айма көмсеқ. облыстық турнирдің өткізілігіне аудан өкімдігі, аудандық және облыстық спорт бөлімі, 1992 жылы туылған жасөспірімдер және бірқатар жеке кәсіпкерлер қаржылай қолдау көрсетті.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
«Ойыл» газеті.



«ЕҢБЕК» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖЕМІСІ ҚАНДАЙ?

ОТБАСЫЛЫҚ НЕМЕСЕ ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ БАСТАУҒА «ЕҢБЕК» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТИПІЗГЕН СЕПТІГІ КӨП. «НӨТІЖЕЛІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ЖӘНЕ ЖАППАЙ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ 2017-2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫ» ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА ЖӨРДЕМДЕСУ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫ КӘСІПКЕРЛІККЕ ТARTУҒА БАҒЫТТАЛҒАН. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМІ БАР КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ, ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ КӘСІПТІК ОҚИТУ, ЕҢБЕК РЕСУСТАРЫН ҚАЙТА ДАЯРЛАУ, «БАСТАУ-БИЗНЕС» ЖОБАСЫ БОЙЫНША КӘСІПКЕРЛІК НЕГІЗДЕРІН ОҚИТУ, АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕ ШАҒЫН КРЕДИТ БЕРУДІ КЕҢЕЙТУ, ЖАҢА БИЗНЕС ИДЕЯЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТТАР БЕРУ СИЯҚТЫ БІРҚАТАР МІНДЕТТЕРДІ ҚАМТИДЫ. ОСЫ КЕЗЕКТЕ ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ АРАЛБАЙ ЖОЛДЫБАЕВ МЫРЗАМЕН АУДАНЫМЫЗДА «ЕҢБЕК» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚАЛАЙ ІСКЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТҚАНЫ ТУРАЛЫ ТІЛДЕСКЕН БОЛАТЫНЫБЫЗ.

- «Еңбек» бағдарламасы туралы тоқталып өтсеңіз.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы еңбек нарығында суранысқа ие кәсіптік дағдылар мен біліктілікті меңгерудің тиімді жүйесін құруға, жаппай кәсіпкерлікті дамытуға, халықтың өлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдауды қоса алғанда, еңбек делдалдығының тиімді моделін құруға бағдарланған. Және бағдарлама үш бағыттан тұрады. Бірінші бағыт - «Бағдарламаға қатысушыларды техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қамтамасыз ету». Екінші бағыт - «Жаппай кәсіпкерлікті дамыту». Үшінші бағыт - «Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту».

- Өткен жылмен салыстырғанда айырмашылықтар бар ма?

Алдыңғы жылы кешенді жоспарға сәйкес 1518 адам жоспарланса, биылғы жылы 2123 адамды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары жоспарланып отыр. 2020 жылы 1 шілдеде 1052 адам жұмыспен қамтылса, 2021 жылдың 1 қарашаға 2352 адам жұмыспен қамту шаралармен қамтылды. Мемлекеттік қолдау шараларын қолданбастан жұмысқа орналастыру (бос жұмыс орындарына) алдыңғы жылы 657 адам жоспарланып, 324 адам жұмысқа орналастырылса, биыл 1040 адамды жұмысқа орналастыру жоспарланып, 968 адам жұмысқа орналастырылды.

- Бағдарламаның үш бағыты бойынша іске асырылған жоспарларды айтып өтсеңіз.

Жоғарыда атап өткендей 2021 жылы бірінші бағыт бойынша қысқа мер-

зімді кәсіптік оқытуға 45 адам, техникалық және кәсіптік оқытуға 52 адам жоспарланып отыр. Қазіргі күнде қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 52 адам, кәсіптік оқытуға 42 адам оқуға жіберілді. 45 адам оқуды толық аяқтап, жұмысқа орналастырылды. Екінші бағыт бойынша «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін оқытуға 62 адам жоспарланып, қазіргі күні 84 адам кәсіпкерлік негіздерін оқуға жолданды.

Ауылдық елді мекендерде 20 адамға шағын несие беру жоспарланып отыр. Қазіргі кезде 35 адам 126,0 мың теңге көлемінде шағын несие алды. Сонымен қатар жаңа бизнес идеяларды жүзеге асыру үшін 69 адамға 200 АЕК көлемінде 40,2 млн теңгеге мемлекеттік гранттар беру жоспарланды. Қазіргі күні 71 адамға өз ісін ашу үшін 585600 теңге көлемінде мемлекеттік грант берілді. Оның ішінде көпбалала аналар да бар.

Үшінші бағытқа тоқталатын болсақ, мүмкіндігіне қарай 92 адамды өлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру жоспарланып, 16247,0 мың теңге қарастырылды. Қазіргі таңда 98 адам өлеуметтік жұмыс орындарына жолданды. Шаруа қожалықтарында, жеке кәсіпкерлікте жұмыс жасауда. Ал, жастар тәжірибесіне бағыттауға 101 адам жоспарланды. Осы бағытта, 39379,5,0 мың теңге қаржы қарастырылды. 2021 жылдың 1 қарашасына 895 адам ақылы қоғамдық жұмыспен қамтылып отыр. Сол сияқты жазасын өтеп келген-

дер де біздің көмегімізге жүгініп, өздерін бір қоғам мүшесі ретінде санауына толық жағдай жасалуда.

- Ауданымызда «Еңбек» бағдарламасы арқылы грант алып, қызмет етіп жатқан нақты үлгі қылып айтар кәсіпкерлер бар ма?

Әрине, ауданымызда кәсіппен айналасушылар арасында үлгі көрсетіп отырған кәсіпкерлер жетерлік. Солардың бірі өткен жылы Құншашқан Жауынбаев ашқан «Barber shop» ерлерге арналған шақтаразын айтуға болады. «Нөтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың» 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасының шеңберінде көсібін дөңгелетіп отыр. Одан соң, «FoodPoint» жылдам тамақ желісі. Қалаушысы Алмағұл Мырзағалиева қазіргі таңда 8 адамды жұмысқа қамтып отыр. Және де наубайхана ісі бойынша Марал Николаева мен Сая Жұмашқалиеваларды айтуға болады.

- Қаражатты мақсатсыз жұмсағандарға қандай іс-шаралар қолданылып жатыр?

Бүгінгі таңда ондай жағдайлар көп орын ала бермейді. Ауданда 2 жағдай тіркеліп, қазір сот арқылы шешіледі. Қаражатты мақсатсыз жұмсағандар несие бойынша қарызды мерзімінен бұрын қайтару міндеттеледі және 25% мөлшерінде айыппұл төленеді.

- Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан:
Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ «МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРА» КІТАБЫН ШЫҒАРДЫ

Кітап өзінің қалтқысыз қызметі арқылы мемлекеттік шекараны қазуға ісіне өлшеусіз үлес қосқан жасыл құнғағарлы жауынгерлерге арналады. «Мемлекеттік шекара» кітабындағы өңгімелер мен очерктер қатарына тәуелсіз Қазақстанның Шекара қызметінің даңқты шежіресіндегі кейбір ғана айтулы деген оқиғалар кіре алды. Мұнда шекараның алдамшы тыныштығы, жасыл құнғағарлылардың тынымсыз күндері, әрбір қазақстандық үшін қасиетті саналатын ел шебін күзету кезіндегі бастарынан кешірген шиеленіске толы оқиғаларымен ерекшеленеді. Кітапты қолына алып, беттерін ашқан сәттен бастап, оқырман өзін кейіпкерлермен бірге ел шебінде жүргендей, біресе жаяу, бірде атпен, тағы бірде итпен бірге қаруын сәрт ұстап, тау асып, тас басқандай, су кешіп, теңіздің толқындарына қарсы жүзгендей өсерге бөленеді.

Шекарадан өткізуге қатаң тыйым салынған есірткі затын тасымалдаушыны құрықтап, таудың ішінде мал бағып бұйығы тіршілік кешіп жатқан шопанның жанұясын кепілге алған қылмыскерден тайсалмаған шекарашыны су да, өрт те алған бетінен қайтара алмайтынын «Мемлекеттік шекара» сыр қылып айтып береді. Кітапты қолына алған шекарашы ардагер өзімен бірге қызмет атқарған қаруласымен қауышады, ал кіші буын шекарашы үлгілі еңбек. Әсіресе, өсіп келе жатқан жастарға тәуелсіз еліміздің тыныштығы шекарадан басталатынын үйрететін тамаша дүние. Өйткені шекара – Отанымыздың айнасы. «Мемлекеттік шекара» - шекарашылар үшін ғана емес, әскери өмірден тысқары қарапайым адамдар үшін де оқылмды. Сол себепті жалпы оқырманға арналған.



КОМИТЕТОМ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В ПРЕДВЕРИИ 30-ЛЕТИЯ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ВЫПУЩЕНА КНИГА «ГОСУДАРСТВЕННАЯ ГРАНИЦА»

Изданию посвящено воинам в зеленых фуражках, которые своей беззаветной службой внесли достойный вклад в дело охраны Государственной границы. Рассказы и очерки, собранные в книге «Государственная граница», - лишь некоторые эпизоды славной летописи Пограничной службы суверенного Казахстана. Но они дают возможность проследить жизнь границы на различных этапах. Своеобразной хроникой подвигов проходит через всю книгу короткие рассказы о тех, кто оберегает в бессменном дозоре передний край Отечества.

Пресечение провоза наркотических средств в особо крупных размерах, ликвидация каналов нелегальной миграции, погоня и перестрелки с браконьерами, оказание помощи гражданам в период чрезвычайных происшествий – легли в ее основу.

Старшее поколение читателей найдет на страницах книги знакомые имена, в свое время опубликованные в печати, в указах о награждении. Это будет встречено с добрыми старыми друзьями. Молодой читатель обретет друзей, новых героев, которым захочет подражать, ибо примеры мужества, стойкости, бдительности всегда помогают формированию человеческого характера.

Думается, рассказы будут интересны как человеку военному, так и далекому от армии. Потому адресуется широкому кругу читателей.

МҰҚАҒАЛИДЫҢ «ҰЛЫ» - ОЙЫЛДЫҢ ЖІГІТІ



Қазақтың қара өлеңінің қасиетін ұғынған, ақыл ақын Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына орай ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша Шөкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ жарыққа шығарған «Мұқағали» көркем фильмі отандық кинотеатрларда 21 қазаннан бастап көрерменге жол тартты. Фильмнің режиссері ҚР еңбек сіңірген әртісі, «Парасат» және «Құрмет» орденінің иегері Болат Қалымбетов. Режиссер Мұқағали көркем фильмінен бөлек «Талан», «Сардар», «Соңғы суық», «Айналайын» туындыларын жарыққа шығарған.

«2019 жылы «Мұқағали» фильмінің түсірілімі басталғаны туралы хабарланған болатын. Режиссер киноға қажетті Алматының сол кездегі қалпын табу оңайға соқпағанын айтады. Түсірілім тобы бүкіл Қазақстанды аралап, ақыр соңында Ескі Алматыны бейнелейтін, көшелер мен үйлері жақсы сақталған Өскемен қаласына тоқтаған. Одан бөлек түсірілім Алматы, Петербург қаласы мен Алматы облысында өткен. Басты рөлді жас актер Аспанбек Жанбалаев сомдаған.

Жалпы фильм Мұқағали Мақатаевтың өмірінің соңғы 4-5 жылдарындағы кезеңдері туралы баяндайды. Фильмде кадрлар тез ауыспайды, шиеленіскен оқиға жоқ және диалог көп емес. Бұл жағынан түрлі-түсті, диалогы мен эмоцияға толы оқиғасы көп фильмдерге үйреніп қалған көрерменге тоысын көрінуі мүмкін. Бірақ, ақынның мұны, сол кездегі атмосфера, Мұқағали тағдыры арқылы шебер жеткізілген.

Фильмде Мұқағали ақынның Айбар атты баласының рөлін сомдаған Мейрамбек Сағынов Ойыл ауданының тумасы. Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының «Көркем фильм режиссурасы», Аманжол Айтуаров шеберханасы 5 курс студенті.

Ол бұл рөлге аяқ астынан келген жоқ. Мейрамбек бұл кино алдында басқа дәлдерді сомдап жүріп режиссер көзіне түскен. Сомдап жүрген рөлдерінің басым бөлігі қиындау, тағдыр төлегеніне түскен жандардың образдары екенін тілге тиек етті.

«Мұқағалидың екінші ұлы Айбарды сомдадым. Ол арбаға таңылғаннан кейін рөлді сомдау қиына соқты. Күз мезгілінде түсірілген дала салқын, тоңғаннан аяғым дірілдеді. «Сен өзінді алдағанмен, үлкен экранды алдай алмайсың» - деген режиссердан сөз естіп те үлгердім» - дейді кейіпкер. «Түсірілім барысында жұмыста боламын. Жұмыстан сұрануға мүмкіндік болмаған соң орнымда адам іздедім. Не дегенмен «Қазақфильм»-нде шақырып жатқан жоқ қой. Содан жұмыста бірге жасайтын адамдардың көбісіне өтіндім, келіспеді. Ақиетте Шаймаданов мен бегежастасым көмектесіп, мен болған күндері орынымда шығып берді. Ақиетте болмаған да бұл фильмге түспеуші едім, үлкен көмегі түсті, осы орайды пайдаланып жетімдімді білдіргім келеді».

Мейрамбек осыған дейін «Shymkent film festival»-інде Мадияр Мұратұлы режиссерлік еткен «Шалаш» қысқаметражды фильмінде басты рөл, дүниежүзілік фестивалдардан Jaiyq film festival-да режиссері Дарина Маналыеваның «Бегство» фильмінде де басты рөлдерді сомдап, кинофестивальдарға қатысқан.

Мұқағали көркем фильмі Эстония астанасы Таллиндегі халықаралық кинофестивалде көрсетілетіні туралы қуанышты жаңалықпен де бөлісті. Және Мейрамбек ҚР Дарын жастар сыйлығының лауреаты болуға ұсынылған. Алдағы уақытта жерлесімізге арал асылары мен жетер жетістіктері көп болсын! - дейміз.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛНАМАСЫ - 1992-2001 ЖЫЛДАР

1992 ЖЫЛ

Тәуелсіздік жарияланғаннан екі аптаға жуық уақытта келіп кірген 1992 жыл Қазақстан Республикасы үшін жемісті болды. Жалпы алғанда 1992 жыл - жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға көшу басталып, дағдарысқа қарсы шаралар қолға алынып жатқан ауыспалы кезең болды. Мемлекет басшысы бұл тұрғысында: «Бұл кезең бізге өнегелі сабақ болды, олардың ең бастысы - тұрақты өрі мықты экономикасыз саяси даму күйзеліспен және баяу жүретінін, жалпыхалықтың наразылық пен елдің тұрақсыздығына өкелуі мүмкін екенін сезіну болды», - деп атап көрсеткен екен. Бірақ халқымыздық бірлігі мен берекесі арқасында елде тыныштық салтанат құрды. 1992 жыл ел өмірінде болып өткен мынадай-мынадай елеулі оқиғаларымен есте қалды.

15 қаңтар. Осы күні «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Кеңес Одағы тұсында атеизмді тікелей насихаттай отырып, 1926 жылдан бері қарай діни рәсімдер өткізуге, мұсылмандардың қасиетті қаласы Меккеге қажылыққа баруға тыйым салынып келген үрдіс аяқталды. Қазақстан діни сенім бостандығы тұрғысындағы заыр-лық жолын таңдады.

2 наурыз. Біріккен Ұлттар Ұйымының 46-сессиясы шешімімен Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды. БҰҰ-на мүшелік – кез келген мемлекеттің тәуелсіздігін дүниежүзі мойындауының кепілі. Қазіргі күні Қазақстанда БҰҰ-ның ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ қатарлы 18 ұйымы жұмыс істейді.

22 наурыз. 1992 жылы Қазақстанда Наурыз мерекесі тұңғыш рет ресми түрде демалыс күні ретінде атап өтілді. 1926 жылы Кеңес Одағы билігі тарапынан тыйым салғаннан кейін 1988 жылы қайта жаңғыртылған Наурыз мерекесі осылайша ресми мәртебеге ие болды.

7 мамыр. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қорғаныс комитеті Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері болып қайта құрылды. Генерал-полковник С.Қ. Нұрмағамбетов ҚР Қорғаныс министрі болып тағайындалды.

4 маусым. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымы VIII сессиясының пленарлық отырысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Мемлекеттік Ту мен Мемлекеттік елтаңба қаралып, бекітілді. ҚР Мемлекеттік туының авторы – Шәкен Ниязбеков. ҚР Мемлекеттік елтаңбасының авторлары – Жандарбек Мөлбібеков пен Шот-Аман Ұлиханов.

15 мамыр. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен ғалым, жазушы Нығмет Ғабдуллинге «Қазақстан Республикасы халықтық білім беру саласының еңбек сіңірген қызметкері», ҚР Ғылым академиясының М.Ө.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бөлім меңгерушісі Шәмшіябану Сәтбаеваға, ҚР Ғылым академиясының А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының кеңесшіс Фұбайолдипа Айдаровқа «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағы берілді.

2-шілде. «Қазақстан Республикасының Конституциялық сотын сайлау туралы» ҚР Жоғары Кеңесінің қаулысы шықты. Сөйтіп Қазақстанда үш тармақты билік пен басқару жүйесінің негізгі қаланды.

8-шілде. Қазақстан Республикасы ЕҚЫҰ-ына (Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымы) мүше болып, ЕҚЫҰ қорытынды актісіне қол қойды.

10 шілде. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қауіпсіздік Комитеті Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті етіп қайта құрылды.

30 қыркүйек. Алматы қаласында Дүниежүзі қазақтарының 1 құрылтайы өтті. Әлемнің өз түкпірінен және Қазақстанның өз ішінен жиналған делегаттар қатысты.

24 қараша. Қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсіреповтің 90 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. Мерекелік салтанатқа ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев қатысты.

11 желтоқсан. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранын мәтіні бекітілді. Ақын Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дербібаевалар жазған мәтін конкурс жеңімпазы болып танылды. Әнінің алғашқы авторлары Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский, Латиф Хамиди өзгеріссіз қалдырылды.

15 желтоқсан. Академик Мәхлис Сүлейменов, Қазақстанның халық жазушысы Дмитрий Снегин, жазушы Герольд Бельгерлерге Президентің Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығы тапсырылды.

16 желтоқсан. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 1 жылдық мерекесі сөн-салтанатпен атап өтілді.

Азаттықтың бір жылында ондаған жылға татитын айтулы да ұлы өзгерістерді жүзеге асыра отырып, сындарлы жолдарды жүріп өткен жас тәуелсіз мемлекет татулық пен бірлік-келісімді ту өте отырып 1993 жылға қадам басты.

1993 жыл

Осы жылы Қазақстан Республикасының өмірінде мынадай тарихи оқиғалар болып өтті және шешімдер қабылданды.

15 қаңтар. «Атамұра» баспасынан тарихи ақтандардан арналып, ұлт тарихына арналған тұңғыш тарих оқулығы жарық көрді. Белгілі тарихшы ғалым, академик Манаш Қозыбаев жазған «Қазақстан тарихы» оқулығы 10-сынып оқушыларына арналған. Құлық, хрестоматия және энциклопедиялық анықтамалық XX ғасырдың алғашқы жартысындағы Қазақстан тарихы қамтылды.

28 қаңтар. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымы X сессиясында Қазақстан Республикасының Негізгі

заңын қа-былдауды күн тәртібіне енгізіп, 312 депутаттың 309-ы қолдап дауыс берді. Осылайша тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясы қабылданды.

25 ақпан. Мемлекет басшысы аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевты, дінтанушы ғалым Халифа Алтайды, жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовті қабылдады.

10 сәуір. Қазақстанда ресми сапармен жүрген Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Өзәл мен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласында болып, Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде болды. «Ахмет Яссауи есімі Түркияда танымал өрі құрметке ие. 1993 жыл осы ұлы жазушы, философ өрі ғалымының жылы болып белгіленді», - деп атап көрсетті Түркия Президенті. Тараптар Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне реставрация жасауға келіспен.

4 мамыр. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Абай атындағы Алматы қалық қорының салтанатты ашылуына қатысты. Президент Абай Құнанбайұлының туғанына 150 жыл толуына орай өтетін меркелі шаралардың маңызы туралы айта келіп: «Қазақстан ЮНЕСКО-ға 1995 жылы Абай жылын өткізу туралы ұсыныс жасады», - деп мәлімдеді.

28 мамыр. XVIII ғасырдағы қазақтың аса көрнекті мемлекет қайраткерлері Төле би Әлібекұлы, Қазыбек би Келдібекұлы, Әйтеке би Бауызбекұлының есімдерін еске алуға арналған күндер басталды.

14 шілде. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Мұхтар Шахановқа Төтенше және Өкілетті Өкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1295, сонымен қатар «М.Шахановты Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтеншілік өкілдері Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1296 жарлықтарға қол қойды.

20 шілде. Алматының Орталық концерт залында «Азия дауысы» IV халықаралық саз байқауы салтанатты түрде ашылды.

20 шілде. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің арнайы қаулысы бойынша 1993 жылы қыркүйек айында қазақтың ұлы сазгер-күйшісі Құрманғазы Сағырбайұлының туғанына 175 жыл толуына арналған мерейтой шараларын өткізу туралы шешім қабылданды.

29 шілде. Қазақтың атақты ақыны, өнші өрі сазгер Ақансері Қорамсаұлының туғанына 150 жыл толуына арналған салтанатты жиналыс Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театрында өтті. Оған мемлекет басшысы қатысты. Той серінің туған жерінде жалғасты.

12 тамыз. Алматыда Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында қазақтың ұлы ақыны Маржан Жұмабаевтың туғанына жүз жыл толуына орай салтанатты көш өтті.

Маржан Жұмабаевтың туғанына жүз жыл толуына орай ақынның туған жері Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Петропавл қаласы орталығындағы алаңда ақынның ескерткіші ашылды.

14 тамыз. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Алматыда ұлы ғалым, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 120 жыл толуына байланысты оның шығармашылық қызметіне арналған ғылыми теориялық конференция өткізуге шешім қабылдады.

15 тамыз. Швейцарияның Локарно қаласында өткен халықаралық кинофорумда отандық режиссер Ермек Шынарбаевтың «Сұрылт үш бұрышты орын» фильмі «Алтын Қабылан» жүлдесін жеңіп алды.

26 тамыз. Торғай облысында қазақ-жоңғар соғысы дәуірінің атақты қолбасшысы Шахқаж Жәнібек батырдың туғанына үш жүз жыл толуына арналған үлкен мерейтой өтті.

30 тамыз. Мәскеудің «Дружба народов» баспасы «Әлемсистем» корпорациясының қаржысымен қазақтың белгілі жазушысы Лияс Есенберлиннің «Жанталас» және «Хан Кенес» романдарын елу мың дана таралыммен басып шығарды. Бұл романдардың аудармасын белгілі қазақстандық қаламгер Морис Симашко жасаған.

1 қыркүйек. Шығыс Қазақстан облысында халық депутаттары Катонқарағай аудандық Кеңесінің шешімі бойынша аудан орталығындағы Қазан төңкерісі көшесінің аты өзгертіліп, оған өйгілі жазушы Оралхан Бөкеевтің есімі берілді.

3 қыркүйек. Атырау облысында ақын Мұрат Мөңкеұлының туғанына 150 жыл толуы салтанатты түрде атап өтілді.

7 қыркүйек. Қызылорда облысы, Жалағаш ауданында Бұқарбай батырдың туғанына 180 жыл толуына арналған мерейтой өтті.

8 қыркүйек. Алматыдағы «Мұратас» ғылыми-зерттеу баспа орталығынан ғұлама ақын, ойшыл Қожа Ахмет Яссауидің «Ақыл кітабы» («Диуани хикмет») қазақ тілінде басылып шықты.

10 қыркүйек. Алматыда өйгілі актер Қалибек Қуанышбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты жиын өтті.

Жамбыл облысы, Талас ауданы Ушарал аулында Саньқар батырдың туғанына 300 жыл толуына арналған мерейтой өтті.

29 қыркүйек. Қазақтың көрнекті қаламгері Лияс Есенберлиннің 80 жылдығына орай «Атамұра» баспасынан «Жазушы». Тұлға. Азамат» деген атпен шыққан кітап 25 мың данамен оқырмандарына жол тартты.

7 қазан. Алматыда жазушы Лияс Есенберлиннің мұражайы ашылды.

8 қазан. Жамбыл облысының Сарысу ауданында қазақтың ұлы қобызшысы Ықылас Дүкенұлының туғанына 150 жыл толуына орай мерейтойлық жиын өтті.

21 қазан. Ақтөбе облысы Шалқар ауданында өйгілі батыр Есет Көтібар-

ұлының 190 жылдық мерейтойы атап өтілді.

4 қараша. Павлодар облысында ақын Мұзафар Әлімбаевтың 70 жасқа толуы аталып өтілді.

5 қараша. Алматыдағы М.Әуезов атындағы Қазақ драма театрында Қазақстанның халық өртісі Бикен Римваның 70 жасқа толуына және шығармашылығының 50 жылдығына арналған салтанатты көш өтті.

5 қараша. Ғалым, түркітанушы, профессор Сәрсен Аманжоловтың туғанына 90 жыл толуы аталып өтті.

13 қараша. ҚР Президентінің ұлттық валюта – теңгені енгізу туралы шешімі жөнінде ҚР Жоғарғы Кеңесінің төралқасы мен ҚР Министрлер Кабинетінің Қаулысы шықты.

19 қараша. Қазақтың ұлы ақыны, ойшыл кемеңгері Абай Құнанбайұлының туғанына 150 жыл толуы халықаралық деңгейде атап өтілетіндігі туралы қаулы ЮНЕСКО Бас конференциясының 27 сессиясында қабылданды.

26 қараша. Алматыда, Қазақ драма театрында Қазақстанның халық жазушысы Тахауи Ахтановтың 70 жылдық мерейтойы салтанатпен атап өтілді.

10 желтоқсан. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ақын Сырбай Мәуленовті мәңгі есте қалдыру туралы қаулы қабылдады.

11 желтоқсан. Алматыда, орталық концерт залында «Желтоқсан жүлдызы» атты әдеби-өнер көші өтті.

1994 жыл

Қазақстан Республикасының 1994 жылы жүріп өткен тарихи жолындағы рухани, мәдени, әдеби жаңалықтар іріктеліп ұсынылды.

1 қаңтар. Мемлекет басшысы жақындап келе жатқан айтулы мереке: қазақтың ұлы ақыны, ойшлы Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойына орай баспасөзде «Абай туралы сөз» деген тақырыпта үн қату жасады. «Мен үшін, менің отандастарым үшін Абай – ұзақ жылдар жүзінде ғана ойларының мән-мағынасы ашылатын терең ойлы тұлға», - деп атап көрсетті.

1 наурыз. Көкшетау қаласында орналасқан «Науан Хазірет» баспасы Жұмалиев Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, республикалық баспасөз жариялаған байқаулардың жүлдегері, журналист, жазушы Қайыммұрат Төбейдің «Мұзда жанған аяу» атты кітабын 17 баспа табақ көлемінде 30000 данамен басып шығарды. Кітапта өйгілі 1986 жылы желтоқсан оқиғасы жан-жақты зерттеліп жазылған.

12-27 ақпан. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздік тарихындағы тұңғыш дербес қысқы олимпиадалық ойындарға қатысты. Бұған дейін Қазақстан КСРО құрамасы мен ТМД біріккен құрамасының құрамында қатысып келген. Норвегияның Лиллехаммер қаласында өткен олимпиадада қазақстандық даңқты спортшы Владимир Смирнов бір алтын, бір күміс, бір қола медальге ие болды.

10 наурыз. Профессор Рәбия Сыздықтың «Қазақ елдері тілінің тарихы» атты еңбегі «Ана тілі» баспасынан жарық көрді. Жеті тараудан тұратын академиялық еңбекте қазақ халқының ауызекі сөйлеу тілі мен ауыз әдебиеті тілінен бастап, XX ғасырға дейінгі тіл байлығына қосылған жаңалықтар мен дестүр сабақтастығы, тілдік құбылыстар жан-жақты талданған.

22 наурыз. Қазақстан Журналистер одағы мен «Атамұра» баспасы бірігіп журналистер үшін Әліхан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбаев атындағы сыйлықтар тағайындады. Оған Қазақстандағы қазақ, орыс, неміс, көріс, ұйғыр және басқа тілдерде жазатын журналистер қатыса алады. Бейеге тек Қазақстан Журналистер одағының мүшелері қатысады. Бейеге өр автордан газетте немесе журналда жарияланған үш материал қабылданады.

6 сәуір. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында Орталық Азия елдері, Әзербайжан, Татарстан, Башқұртстандың көрнейлі және дабылды аспаптарда орындаушылардың 1 халықаралық конкурсы өз мересіне жетті.

12 сәуір. Қазақстанның Ресейдегі мәдениет күндері басталды.

14 сәуір. Алматыда Қазақстан Жазушылар одағында «Қазақ әдебиеті» газетінің шыға бастауына 60 жыл толуына арналған мерекелік жиын өтті.

9 мамыр. Алматы қаласы өкімшілі басқармасы мен Қазақ телерадиосы әдеби көркем студиясының ұйымдастыруымен Халықаралық отбасы жылына арналған республикалық ақындар айтысы болып өтті. Айтысқа облыстардағы танымал ақын-жырышар, термешілермен бірге көрші бауырлас елдер Қырғызстан мен Әзбекстан республикаларынан бір топ ақындар мен өншілер келіп қатысты.

21 мамыр. Оңтүстік Қазақстан облысында «Түркістан» халықаралық апталық газетінің күндері өтті. Газеттің бас редакторы, Қазақстанның Халық жазушысы Қалтай Мұхамеджан, бірінші орынбасары Дихадмет Әшімханұлы, жауапты хатшысы Абзал Бөкен, Республика Президенті Баспасөз орталығының кеңесшісі, белгілі публицист Шкөкизда Құттайғөвтов оқырмандармен жүздесті.

31 мамыр. ҚР Ұлттық ғылым академиясының Тарих және этнология институты мен Археология институты бірлесіп, ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі «Қазақстан тарихын» даярлап шықты. Қалың оқырманға ұсынылған бұл кітапты «Дәуір» баспасы басып шығарды. Орыс тілінде жүз мың данамен жарық көрді.

9 шілде. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен әдебиет, театр және кино өнерін дамытуға қосқан зор үлесі үшін жазушы Мұзафар Әлімбаевқа Қазақстанның халық жазушысы құрметті атағы берілді.

10 қазан. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Қалдарбек Найманбаев бастаған ақын-жазушылар, белгілі өнер қайраткерлері бар делегация

Түркияға барды. Олар қазақтар көп шоғырланған Стамбұл, Измир, Салихлы қалаларында кездесу өткізіп, өнер көрсетіп, кітап көрсемін өткізді. Әздерімен ала барған киіз үйді түркиялық ағайындарға тартау өтті.

12 қазан. «Рауан» баспасынан «Абай қара сөздері», «Ескендір» және «Масғұт» поэмалары француз тілінде жарық көрді.

2 қараша. «Атамұра» баспасы тарихшы ғалым Көшім Лекерұлы Есмағамбетовтың «Қазақтар шетел әдебиетінде» атты кітабын басып шығарды. Кітаптың көлемі – 12,6 баспа табақ. Батыстағы қоғамдық пікірлер мен ғылыми зерттеулерді, «темір шымылдықпен тұшшаланып келген еңбектерді қазақ оқырмандарына жеткізген автордың бұл еңбегі бағалауға тұрарлық.

19 қараша. Абай атындағы Жамбыл қазақ театрында Шерхан Мұртазаның «Жалғыз үйлік алпаала» драмасы қойылды. Бұл қойылым мамандар мен көрермендер тарапынан жоғары баға алды.

13 желтоқсан. Алматыда Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында аса көрнекті астанушы, этнограф, композитор, Қазақстанның тұңғыш халық өртісі Александр Затаевичтің туғанына 125 жыл толуына арналған салтанатты жиын өтті. А.Затаевич өлемге көшпенділердің қайталанбас өнерін танытқаны туралы Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов, ақсақал сазтанушы Борис Ермакович, әзбекстандық ғалым Фигар-зола Караматов айтып өтті. Кешке ҚР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы Әбіш Кекілбаев қатысты.

22 желтоқсан. Алматыда Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында қазақ баспасөзінің қара шаңырағы «Егемен Қазақстан» газетінің 75 жылдық мерейтойы болып өтті.

29 желтоқсан. Мемлекет басшысы «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының 1994 жылғы иегерлеріне салтанатты түрде марапаттау жасады. Аталған мәртебелі сыйлыққа Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының актрисасы Әсел Мәмбетова, М.Ю. Лермонтов атындағы орыс драма театрының актриса актрисасы М.Ю.Ганцева, өнші, домбырашы, Қазақ ұлттық консерваториясының оқушысы Ержан Қосбармақов, Ақмола облыстық филармониясының солисі Айман Мұздахановалар ие болды.

30 желтоқсан. Қазақстан Жазушылар одағы әдеби шығармашылық жұмысты жандандырып, қаламгерлерді бүгінгі күн талабына сай үзіміз шығармалар жазуға ынтылаудыру мақсатында екі жылда бір рет беріліп тұратын «Алаш» сыйлығын тағайындаған болатын. 1994 жылы ұсынылған 23 кітапты тиісті алқа сұрыптап, саралай келе 6 автордың шығармасын жүлде алуға лайық деп тапты. Оразбек Сәрсенбаевтың «Шамшырақ», Рамазан Токтаровтың «Таңбалы жарғақтық құпиясы» романдарына, Зейнолла Серікқалиевтің «Дүниетану даналығы», Бақыт Сарбалаевтың «Өткірдің жүзі» атты сын-зерттеу кітаптарына, Ескен Елубаевтың «Кім күшті» атты өлеңдер жинағына «Алаш» сыйлығы берілді. Шетелде тұратын қаламдас бауырымыз Хасен Оралтайға «Абылай» дастаны, «Алаш», «Желтоқсан» атты шығармалары мен Қабдеш Жұмаділовтің «Соңғы көш» романын түркі тіліне тәржімалағаны үшін «Алаш» сыйлығы берілсін деген шешім бірауыздан қабылданған.

1995 жыл

Осы жыл – Хакім Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойына орай Абай жылы болып жарияланды. Абай жылында Қазақстан Республикасының рухани өмірінде мынандай үлкенді-кішілі жаңалықтар болып өтті.

9 қаңтар. Қазақстан Жазушылар одағында қазақтың тұңғыш романтиз қызы – Сара Мыңқасарованың туғанына 70 жыл толуын атап өтті. Жаңа жыл қарсаңында жазушы өртістері – жазушылар мен журналистер, шығармашы жастар мен оқырмандары мерейтойымен құттықтады. Сара Мыңқасарова қазақ, орыс тілдерінде бірдей жазатын талантты жазушы. Қаламгердің «Қар қыздары», «Әйел бақыты», «Тәзім шеңбері» сынды романдары өз уақытында қалың жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленген шығармалар.

10 қаңтар. Абай Құнанбайұлының туғанына 150 жыл толуына байланысты дайындық және өткізілу бойынша мерейтой комиссиясының кеңейтілген мәжілісі өткізілді. Оны Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев жүргізді.

13 қаңтар. Алматыда аса көрнекті мемлекет қайраткері, академик Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды. Халықаралық Қонаев атындағы қор үйінде Д.Қонаевтың «Ақиқаттан атауға болмайды» және «От Сталина до Горбачева» атты кітаптарының тұсаукесер рәсімі болып өтті.

20 қаңтар. Қазақстан Жазушылар одағының Мәжіліс залында Алматы қалалық өкімшілік пен Республикалық Бауыржан Момышұлы қорының ұйымдастыруымен Ұлы Жеңістің 50 жылдығына және Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері, даңқты қолбасшы, майдангер жазушы Бауыржан Момышұлының ескеріле-теориялық мұрасы және қазіргі заман тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференция болып өтті.

23 қаңтар. Әлемнің рухани орталықтарының бірі болып саналатын Лондон қаласында, жазушы Роллан Сейсмаевтың бастамасымен, ақынның 150 жылдық мерейтойына орай Абай ұлы ашылды.

5 сәуір. КСРО Халық өртісі, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, композитор, «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрінің жетекшісі және бас дирижері Нұрмиса Тілендиевтің 70

жасқа толуына арналған салтанатты көш Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өтті.

24 сәуір. Атақты партизан, белгілі майдангер жазушы Қасым Қайсеновке Халық Қаһарманы – Ұлттық батыр атағы берілді.

9 мамыр. Республика сарайында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жарты ғасырлық торқалы тоюына арналған салтанатты жиналыс болды. Жиналыста Қазақстан Республикасының Президенті «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс – халықтың өшпес ерлігі» деген тақырыпта баяндама жасады.

10 маусым. Халықаралық «Дидар Қазақстан» журналының бірінші номері жарыққа шықты.

19 маусым. Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы ғасырлық торқалы тоюына арналған салтанатты жиналыс болды. Жиналыста Қазақстан Республикасының Президенті «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс – халықтың өшпес ерлігі» деген тақырыпта баяндама жасады.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛНАМАСЫ - 1992-2001 ЖЫЛДАР

мет мүшелерінің қатысуымен кеңес өткізді. Онда қаралған негізгі екі мәселе: мемлекеттік басқарудың жоғарғы органдарын Ақмола қаласына көшіру және Жалпы ұлттық келісім мен саяси репрессия құрбандарын еске алу жылы аясында атқарылатын негізгі жұмыстарды пысықтап, жауапты мамандарға тапсырма берді.

8 қаңтар. Бұл күн еліміз тарихында Тараз Жаласына өзінің тарихи атауын қайтарып беруімен есте қалды. Мемлекет басшысы Жамбыл облысына барған сапарында «Жамбыл облысының орталығы – Жамбыл қаласының атын өзгерту туралы» жарлығын мәлім етті.

21 қаңтар. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі – Ұлттық ғылым академиясының академиктері М.Қ. Қозыбаев, Ж.С. Тәкібаев, Ә.А. Жолдасбеков Мемлекет басшысының арнайы қабылдауында болды.

10 ақпан. Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы ақын, драматург Нұрлан Оразалин Мемлекет басшысының қабылдауында болды. Кездесу барысында қазіргі қазақ әдебиетінің жай-күйі, өткен-кеткені мен болашағы туралы мәселелер сөз болды.

5 сәуір. Мемлекет басшысы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнін белгілеу туралы» №3443 жарлығын қол қойды. Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні 31 мамырға бекітілді. Бұндай атаулы күннің еліміз тарихында болуы заңды құбылыс еді. Қуғын-сүргін жылдары елімізде салынған лагерлерде бес миллионнан астам адам зардап шеккен. Ресми емес деректерге сүйенсек жырмыаңнан астам қазақ зиялылары атылып кеткен. Оның ішінде ұлт руханиятының бірегей тұлғалары Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Бекенұлы, Мұкамбетжан Тынышбаев, Тұрар Рысқұлов сынды жүздеген тұлғалар болған.

9 сәуір. Қырғыз Республикасының Президенті Асқар Ақаев елімізге келіп Ақмола облысында Іс-сапарда болды. Сапар барысында А.Асқар Ақаев Ақмола қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушыларымен, студенттерімен кездесті. Кездесу барысында А.А. Ақаевқа «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің құрметті докторы» атағы берілді.

17 сәуір. Мемлекет басшысы еліміздің бұқаралық ақпараттар өкілдерін қабылдады. Екі тарап кездесу барысында журналистика саласының негізгі мәселелерін тілге тиегі етіп, оны шешудің жолдарын тастарды. Экономика мен әлеуметтік саланы реформалау туралы талқылай келіп, елімізде салалық журналистиканы дамытудың жақттелігін атап етті.

29 сәуір. Елімізге белгілі ғылым қайраткерлері, әдебиет пен өнердің танымал тұлғалары – Ә.Әбішев, Ә.К. Нұрпейісов, Р.Т. Бағланова, К.Н. Нерікбаев, А.Қ. Жағанова мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арнайы қабылдауында болды.

9 мамыр. Жеңіс күніне орай Алматы қаласында мерекелік шара өтті. Мерекелік шараға арнайы қатысқан президент 28 гвардияшылар-панфиловшылар атындағы саябақта Даңқы мемориалының алдындағы Мәңгілік алауға гүлтіңкі қойып, соғыста қаза тапқан жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске ала отырып, олардың асыл рухына бас иді. Барша қазақстандықтар мен соғыс ардагерлерін жеңіс күнімен құттықтады.

30 мамыр. Елімізде «Дала мен мәдениет. Заманның ұлы жолы» атты халықаралық симпозиум болып өтті. Оған танымал ғалым, белгілі түрколог, «Қыпшақ даласының жусаны» атты кітаптардың авторы Мұрат Аджи қатынасты. Мемлекет басшысы Мұрат Аджиді арнаулы қабылдап, екеуара өңгінде, Еуразияға қоныстанған тарихи халықтардың өткені мен тағдырлы мәселелері сөз болды.

31 мамыр. Сталиндік дәуірдің саяси қуғын-сүргініне ұшырап, құрбандардың Алматы маңында жерленген орнына орнатылғын мемориалдық тастың алдында Елбасының қатысуымен қаралы митингі өтті. Жиналған жұрт таз тұғырға гүлшоқтарын қойып, құрбандарды еске алып, аса сөзін сөйледі. Бұндай қайраты митинг еліміз тарихында алғаш рет өтті.

9 маусым. Мемлекет басшысы өлемнің ең биік шыңына шығып, өздерінің спорттық жетістігін еліміз Тәуелсіздігінің 5 жылдығына арнаған «Эверест-97» экспедициясының қатысушыларын қабылдады. Осы шыңға шығуда үлкен еңбек сіңірген бірқатар спортшыларға мемлекеттік «Отан» орденін және ІІ-ші дәрежелі «Айбын» орденін тапсырды.

3 шілде. Бір топ шығармашыл қайраткерлер Президент стипендиясы табыс етілді. Президенттік мәдениет пен өнерді қолдау қорынан Қазақстанның өнер қайраткерлеріне 38 стипендия, елдегі дарынды жастар өкіліне 70 стипендия табыс етілді.

20 тамыз. Белгілі майдангер жазушы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы партизандық қозғалыстың қатысушысы, «Халық қаһарманы» Қасым Қайсенов мемлекет басшысының қабылдауында болды.

19 қыркүйек. Мемлекет басшысы Ордабасы төбесінде 1726 жылдың көктемінде қазақ халқының жоңғарлармен болған шайқасында жеңіске жеткен төбеге орнатылған монумент-

тің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

26 қыркүйек. Қазақтың ұлы суреткер жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына орай ЮНЕСКО қамқорлығымен өткен «Мұхтар Әуезов және Еуразия мәдениеті» халқаралық әдебиет симпозиумы ашылды.

27 қыркүйек. Алматы қаласында Мұхтар Әуезовтің 100 жылдық мерейтойының құрметіне орай, М.О. Әуезовтің мұражай-үйінің салтанатты ашылу рәсімі болды.

16 қазан. Қазақстан Республикасының Халық өртісі, танымал театр және кино қайраткері Асанәлі Әшімов 60 жасқа толды. Осыған орай А.Әшімов Мемлекет басшысының қабылдауында болды. Президент мерейтой иесін шын жүрекпен құттықтап, шығармашылық табыстар тіледі.

8 қараша. Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстанның жаңа астанасы – Ақмола қаласына Мемлекеттік рәміздерді тапсырып беру салтанатты рәсіміне қатысты. Президент Республикалық ұланның қолбасшысы, генерал-лейтенант С.Б. Тоқпақбаевқа мемлекеттік рәміздер эталонын және Президент шандартын Ақмола қаласына өзі әкелуді тапсырды. Сол күні мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін жаңа астанда қабылдау үшін Ақмола қаласына кетті.

3 желтоқсан. Белгілі жазушы, өдебиеттанушы ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Зейнолла Қабдолов Президент қабылдауында болды. Әңгіме елдің әлеуметтік, экономикалық мәселелерімен қатар, рухани, мәдени құндылықтарымыз туралы да өрбіді.

1998 жыл

5 қаңтар. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Обу Насыр әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің қара шаңырағында аға профессор ұстаздар және студенттермен кездесті. Президент оқу орнында сөйлеген сөзінде Қазақстанның 2030 жылға дейінгі дамып, өсіп-өркендеуіне білім реформаларымен қатар жастардың қажыр-қарымы маңызды екенін айрықша атап өтті. Әрі жан-жақты атқарылып жатқан стратегияның ең ауелі жастарға қарата бағдарланып арналғанын жеткізді.

13 қаңтар. Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ғимаратының кешенді құрылысы басталды. **16 қаңтар.** «Қазақстансқа правда» газетінде Елбасының «Жадыны сақтап, келісімді нығайтайық» атты мақаласы жарияланды.

27 ақпан. Үкімет тарапынан «Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендетіп, түркітілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сабақтастыра отырып сақтау, осы арқылы туризм инфрақұрылымын дамыту» туралы бағдарлама жасақталып, бағдарламаға қатысты Елбасының жарлығы шықты.

18 наурыз. Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театрының өртісі Хадиса Бөкееваға «Отан» ордені, сонымен қатар, Ұлттық ғылым академиясының Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері Рахманқұл Бердібаевқа, және Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі Тұрсынбек Көкшөвке «Парасат» ордені табыс етілді.

21 наурыз. Елбасы ұлтымыздың жаңа жолы Наурыз мейрамы мерекесіне орай Қазақстан азаматтарына үндеу тастады. Үндеуде: «... Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы болып жарияланған 1998 жылдан бастап қайта құрылу міндетін жалғастыру тұр. Бұл жол – жеңіл емес. Есесіне, мен бір нересін анық білемін: реформа іргетасы қаланған өрбір кірпіш бізді алға қойған мақсатымызға жақындата түседі. Орталықта болсын, шалғайдағы облыс ауылдары болсын, астық өсіріп, мұнай кесінбегі қызметкерлер үшін жұмысымыз дйттеген жеріне дейін жаппай жүргізілуі тиіс. Нұры мен жылулы толы 21 наурыз күні, баршаңызға денсаулық, бақыт, арман-тілектеріңізді орындауының тілеймін. Өрбір шаңырақта шаттық, махаббат пен өзара түсіністік болғай», - делінген.

22 наурыз. Ойшыл ғұлама, ақын, әулиелігімен танылған түркістандық Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың 1500 жылдық мерекесі ел көлемінде аталып өтті және де Түркістандағы сан жылдар бойы сақталған кесенесінің өңі қашып, бұзылған тұстарын қайта жөндеу жұмыстары қолға алынды.

23 сәуір. Абай атындағы опера және балет театрының солисі Майра Мұхаммедқызына «Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі» атағы берілді.

6 мамыр. Екінші дүниежүзілік соғыста жанкештілігімен, айрықша ерлігімен көзге түскен, Ұлы отан соғысының ардагері Бақтыөраз Бейсекбаевқа «Халық қаһарманы» атағы берілді. Және де дәл осы күні Ақмола қаласының атауы Астана деп өзгертілді.

30 мамыр. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай ұлттық телеарналар арқылы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сөз сөйлеп, үндеу тастады.

2 маусым. Астана қаласында Қазақ Ұлттық музыка академиясының ашылу салтанаты болды.

8 маусым. Астана қаласының

орталығында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке биге арналған ескерткіш ашылды.

10 маусым. Жазушы Әбіш Кекілбайұлының тарихи драмасының желісінде режиссер Болат Манасұлы Атабаевтың қоюымен «Абылай хан» спектаклінің премьерасы өтті.

28 маусым. «Жас Алаш» газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіп пен «Труд» газетінің Қазақстандағы тілшісі Олег Квятковскийге бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтар мен гранттар табыс етілді.

11 тамыз. Қазақ және орыс тілдерінде тоғыз томдық «Қазақтар» («Казахи») энциклопедиясы, «Қазақ тілі» кітабы, үш томдық «Қазақ мәдениеті», он томдық «Қазақ халқының материалдық мәдениетінің ескерткіштері» атты көлемді еңбектер жарық көрді.

24 тамыз. Әйгілі сазгер Нұрғиса Тілендиевке «Халық қаһарманы» атағы сонымен бірге, Елбасы өз қолымен «Алтын жұлдыз», және «Отан» орденін табыс етті.

25 тамыз. Жезқазған қаласының өуежайына «Мир» станциясының ғарыштық экипажы аман-сау қонды. Экипаж құрамында ғарышкерлер Т.Мұсабаевпен бірге Н.М.Бударин және Ю.М.Батурин болды. Экипаж командирі Т.А.Мұсабаев Елбасына ғарышқа апарып келген бір ұыс туған жердің топырағын, қасиетті кітап «Құран» мен Мемлекеттік туды сыйлады.

26 тамыз. Жамбыл облысы, Тараз қаласында ғұлама ғалым, сұңғыла ойшыл Мұхаммед Хайдар Дулати ескерткішінің салтанатты ашылу рәсімі өтті.

14 қазан. Алматы қаласындағы Республика сарайында алаш қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының 125 жылдығына арналған жиын өтті.

27 қараша. Алматы шаһарындағы Республика сарайындағы ғасырда біртуар күйші, атақты сазгер Құрманғазы Сағырбайұлының 175 жылдығына арналған салтанатты мереке ұйымдастырылды. Ұрпағы ұлықтайтын ұлы тұлғаның күй тарихында қалдырған өзіндік сүрлеуі нәм ерекшелігі бар. Құрманғазы Сағырбайұлының 175 жылдық мерейтойында сөз сөйлеген Елбасымыз өнерпаздың қазақ даласында туып, қазақ халқының перзенті болуы мақтанышымыз екенін айтты.

1998 жылы әдебиеттанушы Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовым» романы үшін, және өдебиет зерттеушісі, ғалым Шерияздан Елеуеновтың көлемді еңбегі «Мағжан» монографиясы үшін «Мемлекеттік сыйлық» тағайындалды.

1999 жыл

26 ақпан. Алматы қаласында ашылған ядролық сынаққа қарсы «Невада-Семей» қозғалысына 10 жыл толды. Ядролық сынаққа қарсы «Невада-Семей» қозғалысы өзінің гуманистік ұмтылыстарын ашық жария еткен, және еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі тарихында шынайы дипломатиялық жолды таңдап, патриоттық қозғалыстың бейнесін көрсеткен қоғамдық-саяси бірлестік болатын. Қазақстан халқы өзінің қауіпсіздігін бірінші орынға қоя отырып, егемен ел ретінде қуаты жоқпын арсеналдан өз еркімен бас тартты.

8 наурыз. Елбасы 8 наурыз – халықаралық әйелдер мерекесіне орай баспасөз бетінде үндеу жариялады.

12 сәуір. Алматы қаласында академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 100 жылдығына орай салтанатты түрде ғалымның ескерткіші ашылып, мерекелік шара ұйымдастырылды. Мерейтой қарсаңында сөз алған Елбасы: «Ғылым мен қоғам дамуының «Сәтбаевтық кезеңі» бізден алыстаған сайын, оның атақты ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, өз елінің азаматы өрі патриот тұлғасының Отанымыздың дамуы мен гүлдеуіне қосқан үлесіе даралана түседі. Оның есімі халқымыздың жадында мәңгі сақталып, тарих тақтасында алтын өріптермен жазылады», - деген екен.

9 мамыр. Ұлы Отан соғысы қарсаңында ерекше ерлігімен көзге түсіп, «Берлин» операциясына қатысып, Рейхстагқа неміс туын тіккен батыр Рақымжан Қошқарбаевқа «Халық қаһарманы» атағы берілді.

9 мамыр. Астана қаласында Ұлы жеңіс және Отан қорғаушылар күнінде салтанатты шара болып, дәл осы күні Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің жаңа ғимараты ашылды. Қарулы күштер мұражайындағы экспонаттарды тамашалап шыққан соң, Елбасы Кеңес Одағының батыры, Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен кездесті. Олардың ішінде «Халық қаһарманы», армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов, және екі мәрте Кеңес одағының батыры аталған Алтай Жаңкүлбекулы Бигелденов, Флоренс Найтингейл атындағы медаль кавалері В. Широкаа болды.

3 маусым. «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының тең төрағасы, академик Әбдүәлі Қайдаров «Ана тілінің айбары» алтын белгісімен марапатталса, Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Әмірзақ Айтбаевқа «Қазақ тілі» қоғамының нөмірі бірінші құрметті мүшесінің билеті табысталды.

10 маусым. Максим Горький атындаы Мемлекеттік ырсы драма театрының ғимараты жөндеуден өтіп, қайта қалпына келтірілді.

17 маусым. Ұлы Отан соғысының ардагері, Рейхстагқа алғашқылардың бірі болып ту тіккен «Халық қаһарманы» Рақымжан Қошқарбаевтың отбасы мүшелеріне «Алтын жұлдыз» және «Отан» ордені табыс етілді.

22 маусым. Петропавл қаласының орталық алаңында Қарасай және Ағынтай батырларға арналып ескерткіш тұрғызылды. Ерен ерліктің хас үлгісі болған батырлар Қарасай мен Ағынтай – аумалы-төкпелі XVII ғасырда, Есім хан билік еткен тұста ақтық демі таусылғаныа ел мен жерді ойрат шапқыншылығынан қорғаған. Қос баһадүр бабамыз Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы Құлшынбай төбесінде жерленген.

26 шілде. Егемен Қазақстан газетінің редакторы Еркін Қыдыр мен «Панорама» газетінің шолушысы Николай Дрозд бұқаралық ақпарат құралдары саласында атқарған еңбектері үшін Президент сыйлығына ие болды. Және «Ктк» теларнасының шолушысы Геннадий Бендикий мен «Хабар» агенттігінің тележурналисі Мақат Садыққа грант тағайындалды.

3 қыркүйек. Жайыт өзенінің сағасындағы ежелгі Алтын Ордадағы хан ордасының орнында орналасқан Махамбет ауданында «Сарайшық» мемориалдық кешенінің салтанатты ашылу рәсімі болып өтті

1 қараша. Алматы қаласының орталық алаңында орыстың ұлы ақыны, орыс әдебиетінің іргетасын қалаушы Александр Сергеевич Пушкиннің ескерткіші ашылды.

2 қараша. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің Алматы қаласындағы резиденциясында танымал қазақ жазушысы, әйгілі «Қан мен Тер» трилогиясының авторы Әбдіжәміл Нұрпейісовты қабылдады. Әңгіме барысында қазақ әдебиетінің жай-күйі, және оның даму қарқыны туралы пікірлер айтылды.

5 қараша. Ақмола облысының құрылғанына 60 жыл, Көкшетау қаласының 175 жылдығына орай Абылай хан ескерткішінің салтанатты түрдегі ашылу рәсімі өтті. Абылай хан ескерткішінің авторы атақты мүсінші Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлиханов.

23 желтоқсан. «Егемен Қазақстан» және «Қазақстаншық правда» газеттерінің уақытына 80 жыл толды. Оқырмандардың шынайы өрі жеткілікті ақпарат алуына жұмыстанған газет қызметкерлерінің мерейтойы ел көлемінде аталып өтті.

28 желтоқсан. Астана қаласындағы Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ музыкалық-драма театрының сахнасында Әзірбайжан Мәмбетовтың «Қыз жібек» спектаклі қойылды.

2000 жыл

6 наурыз. Мемлекетіміздің елордасы Астана қаласында «Қазақ ұлттық музыка академиясы» жаңа заманға заманға лайық жөндеу жұмыстарынан өтті. Ғимараттардың қасбеті жаңартылып, оқу сыныптарымен, сондай-ақ жаңа академиялық концерт залымен жасакталды. 2009 жылы 12 қазанда ҚР Үкіметінің қаулысымен «Қазақ ұлттық музыка академиясы» жаңа мәртебеге ие болып, «Қазақ ұлттық өнер университеті» атауын алды

29 сәуір. Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының, «Қазақконцерт» және «Арман» кинотеатры бірлестіктері қалпына келтіру жұмыстарынан өтті.

2 мамыр. Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы Жеңістің 55 жылдығына орай ұйымдастырылған салтанатты жиынға қатысып, білай деген екен: «Гитлерлік фашизмді жеңу жолында алматылықтардың қосқан елеулі үлесін ерекше атап өткен жөн. Алматы қаласынан майданға жетпіс мың адам жіберілген, ал Алматыда құрылған дивизияның Мәскеуді қорғау кезінде өлемге аты шықты».

12 мамыр. Елбасы физика саласындағы «Нобель» сыйлығының лауреаттары К. Клинтингті, Ж.Т. Хуфты және Қазақстана «Үшінші мыңжылдық ғылымы» халықаралық конференциясына қатысу үшін келген М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің ректоры В. А. Садовничийді қабылдады. Ғалымдарға «Астана» медальдарын ұсынды.

30 мамыр. Сталиндік репрессия жылдарында Қазақстан аумағында Гулаг жүйесінің тоқсан үш лагери орналастырылған. Лагерлерде өлеміңн он бес еліне бір миллионнан астам қамауда ұсталған. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтап алуға «Әділет» тари-хы-ағарту ұйымы бірқатар елеулі жұмыстарды атқарды.

10 маусым. Астана қаласында Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жаңа оқу ғимараттарының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

15 маусым. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, әйгілі жазушы Сәбит Мұқановтың 100 жылдық мерейтойы туған өлкесі Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданында аталып өтті. Жазушының үй-мұражайы жаңартылып, Петропавл қаласындағы Қазақ драма театрына Сәбит Мұқановтың аты берілді.

6 шілде. Күләш Байсейітова атындаы ұлттық опера және балет театры жөндеу жұмыстарынан өтіп, қалпына келтіріліп, қайта қолданысқа берілді.

30 тамыз. Қазақстан Республикасы Конституциясының 5 жылдығына байланысты астаналық Конгресс-холда өткен салтанатты жиналысқа қатыс-

қан Елбасы: «Біз, Қазақстан халқы деп басталатын тіркесте мемлекеттің қайта жандануына, жаңа өділетті қоғамның құрылуына ұмтылған көптеген ұрпақтың тарихи сабақтастығының барлық тереңдігі айтылған.

16 желтоқсан. Осы күні бірқатар азаматтарға мемлекеттік наградалар табыс етілді.

Өртіс Юрий Померанцев «Отан» орденін, көрнекті мемлекет қайраткері Асанбай Ерік Мағзұмұлы «Барыс» орденін, дирижер Қажығалиев Шамғон Сағаддинұлы, өнші Роза Қуанышқызы Рымбаева, өртсi Әмірсерік Қалиевтер «Парасат» орденіне ие болды.

2000 жылы жазушы Рамазан Тоқта-ровка қазақ жазба әдебиетінің түп бастауында тұрған ойшып, ұлт ұстазы һакім Абай болмысының тұңғығын шолып, құпиясын ашуға талпынған, жұмбағының жауабын тапқысы келген, ақын тағдыры арқылы бүкіл ұлт-тың мінездмесін көрсеткен «Абайдың жұмбағы» романы үшін, жырмы-сыншы ғасырдың аяяңындағы ыдырауға жақын Кеңес Одағының қоғамдық-саяси, әлеуметтік, тұрмыстық, тарихи оқиғаларын жеке тұлғаның тағдыры арқылы терең сипаттаған Баққожа Мұқайдың «Әмірзая» романы үшін, адам мен табиғаттың ғажап үйлесімін баяндаған Оразбек Сәрсенбаевтың «Шеңбер» романы үшін, ақын Темірхан Медетбектің «Тағдырлы жылдар жырлары» жинағы үшін, және жазушы, театр сыншысы Әшірбек Сығайдың «Сахна санлақтары» еңбегі үшін Мемлекеттік сыйлық табысталды. 2001 жыл тәуелсіз ел дамуының 10 жылдығында қол жеткізген нәтиже-лерді талдау мен ұғынудың қажы-ты болды. 2001 жыл – халықаралық жағдай біршама шиеленісқан, АҚШ пен өзге мемлекеттерде лаңкестік пен соғыс өрті тұтанған жыл болымен есте қалғанымен, Қазақстан үшін мамыр-арал жейбіт өмір салтанат құрған, жетістіктер жылы болып тарихта қалды.

2001 жыл

2001 жылы Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігінің онының жылы жүріп өткен тарихи жолындағы рухани, мәдени, өдеби жаңалықтар іріктеліп ұсынылды.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «2001 жылды Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығы деп жариялау туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы №529 жарлығы шық-қан болатын. Онда Қазақстан Респу-бликасының тәуелсіздігі мен мемлекет-тілігін одан өрі нығайтуды, Қазақстан халқының рухани-мәдени топтасуын, қазақстандық патриотизмді артты-руды, сабақтаса және іпгерлей даму-ды қамтамасыз ету мақсатында 2001 жылды Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығы жылы деп жариялай келе аталған жылды «Бейбітшілік пен достықтың 10 жылы» ұранымен өткізу туралы шешім шығар-ылғаны туралы атап көрсетілген.

31 қаңтар. ҚР үкіметінің 2001жылғы 31 қаңтардағы №157 қаулысы бойын-ша 2001-2002 жылдары «Қозы Көр-пеш-Баян сұлу» эпосының 1500, Кене-сары х

«ҚАРАША ҚАЗДЫҢ ҚАЙТУЫ» АМАЛЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



«Өмірдің көбі кетіп, азы қалды, Құстар кетіп, қараша қазы

қалды...».

Бұл қазақтың қара өлеңі. Осындағы «қараша қазы қалды» дегенге назар салайықшы. Мұнда адам өмірінің соңы айтылған. Қартайған шағы. Күзге теңеуі бекер емес. Ал оған қараша қаздың қандай қатысы бар? Соны айтайын.

Аң-құс аулап, аз да болса, табиғат-тың сырын білдік. Талай құсты ныса-наға алдық, дөмін таттық. Соның ішін-дегі ең сағы, ең айлакері, ең төзімдісі – қараша қаз.

Қаздақтың жыл мезгілдерінің ішінде «Қараша қаздың қайтуы» деген амалы бар. Қараша қаз – жылы жаққа қайтатын құстардың ең соңғысы. Әлгі амал осы құстың қайтуымен тікелей байланысты. Қараша айы –қыстың

босағасы. Қараша құс - жылы жаққа ауған құстардың соңғысы. Осы уақыт-ты қазақ «Қараша қаздың қайту» амалы деген.

Яғни, қараша қаз – күздің нүктесі десек те болады. Қараша қаз қазанда да, қарашада да қайтса да күздің біткенін білдіреді. Қайбір жылдары қазан айының орта тұсында қараша қаз қайтқан еді. Бірақ көбіне осы мезгілде жылы жаққа ауады.

Қар аралас жаңбыр, үсірік, өткір жел болады. «Қара суық» дейтіні со-дан. Осыны бәрін бұзып, жарып қараша қаз жылы жаққа қайтады. Төзімді дегенім осы. Кез келген құс-тың мұндай салқынға шыдамайды.

Бұл уақытта суық тиген адамның оңалуы өте қиын.

Қанат ӨТЕНОВ,
Ақтөбе қаласы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Tabys Operating» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес 2022 жылғы 10 қаңтарда сағат 14:15-де «Тамдықөл кен орнын ұңғымаларын жайластыру» жобасы бойынша Ойыл ауданы, Көптоғай ауылы, Достық көшесі 9 үй (округ өкімдігі ғимаратында) ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecoportal.kz> танысуға болады.

Барлық ескертүүлەر және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ <https://ecoportal.kz> қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz> ұсынылады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Ақтау к., 13 ша, №55 қ, №302 қ. және 87292203223, 87718270876 телефондары бойынша алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ООО «Tabys Operating», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, сообщает, что в 14 час 15 мин. 10.01.2022 года по адресу Уилский район с Коптогай, ул. Достык 9 (здание акимата) состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту ОВОС к рабочему проекту «Обустройство скважин м/р Тамдыколь»

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz>.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz>

Дополнительную информацию можно получить по адресу: г.Ақтау, 13 мкр, здание №55, офис №302 и по телефонам: 87292203223, 87718270876.

МАРАФОННЫҢ МАҚСАТЫ – ТЕҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ



Өткен аптада ауданда салауатты өмір салтын насихаттау және жамағат арасындағы ауызбіршілікті нығайту мақсатында Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамы-ту бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы негізінде ««Аңсар» кеңес беру-оңалту орталығы» қоғамдық бір-лестігі мен Ойыл аудандық орталық мешітінің ұйымдастыруымен Қазақ-стан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында «Тәуелсіздік бәрі-нен қымбат!» - атты жүгіру марафоны өтті. Марафонға аудандық PROBация қызметі есебіндегі азаматтар, аудан

жастары, студенттер, спортшы жас-тар және мешіт жамағатынан қатына-сып 3 км шақырымға жүгіріп өтті. Нәти-жесінде Наурызбек Аленов 1 орын, Бексұлтан Сәлменұлы 2 орын, Самғат Аманжол 3 орынды иеленді. Жарыс соңынан марафонға қатынасұшы-ларға арналып мерекелік дастархан жайылды. PROBация қызметі есебін-дегі азаматтарды қоғамдық шаралар-ға тартып, олардың да осы қоғамның толыққанды азаматы екенін сезінуіне септігін тигізетін осындай шаралар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

КОЛЛЕДЖДЕГІ СТУДЕНТТЕР КҮНІ ҚЫЗЫҚТЫ КЕШТІҢ КҮЕСІ



Өткен аптада студенттер күніне орай Ойыл аудандық жастар ресурс-тық орталығы Ойыл аграрлық коллед-жінің жатақханасында жатқан сту-денттерді мерекесімен құттықтап, қызықты кеш ұйымдастырды.Бүгінгі күні студенттер тек білім алып қана қоймай, қоғамдық жұмыстарға бел-сене араласып, өз үлестерін қосып жүр. Оның ішінде аудан, облыс көле-мінде ұйымдастырылатын қайырым-дылық шаралар мен акцияларға, форумдар мен басқосуларға ерекше белсенділікпен қатысады. Жатақ-ханада Ойыл ауданы ауылдарының жастары емес, іргелес аудандардан, тіпті көршілес облыстардан да келіп, білім алып жатқан студенттер бар. Кеш барысында орталық басшысы Жанғұл Ізгарина студенттерді мереке-

сімен құттықтады. Өртүрлі ойындар ойнатылып, белсенді қатысқан сту-денттерге бағалы сыйлықтар үлес-тірілді. Жігіттер жағы кір тасын көтеріп, күш сынасты. Басқа студенттер де шараға белсенді қатысып отырды.

Студенттер жан-жақты екенін танытты. Өн де айтылды, би де биледі. Бар өнерлерін ортаға салды. Жалындап тұрған жастар кеш соңын-да алғыс хат пен бағалы сыйлық-тармен марапатталды. Шара би кеші-мен жалғасын тапты. Қызықты сту-денттік шақтары жылы жатақханада, жатқис ортада болғанына студенттер дән риза.

Нұрсұлтан ЖУМИН,
Жастар ресурстық
орталығының маманы.

ҚҰЖАТТАРДЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ АПОСТИЛДЕУГЕ БОЛАДЫ

СҰПАҚ: Саламатсыз ба! Құжат-тарды электронды түрде апостил-деуге бола ма?

Жауап: Саламатсыз ба! Иә, мүмкін. ҚР Әділет органдарынан және өзге мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою Қағидасына сәйкес, «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқы-лы электрондық түрде өтініш беріледі.

Керсетілетін қызметті алушы элек-трондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) болған жағдайда мемле-кеттік көрсетілетін қызметті электрон-дық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Электрондық апостиль ЭҮП арқы-лы уәкілетті мемлекеттік орган өтініш берген кезде берген қорғау кодын (қауіпсіздік коды және өтінім коды) қолдана отырып, апостильді жүктеу

арқылы беріледі.

Электрондық апостиль мәртебаны-ның астында электрондық беттің мекенжайына сілтеме көрсетіледі <https://egov.kz/cms/ru/services/apostil/apostil>.

Шет мемлекеттің уәкілетті органы көрсетілген электрондық мекенжайда екі қорғау кодын (қауіпсіздік коды және өтінім) енгізу арқылы электрондық апостиль мәртебаны бар ресми құжатты тексеруді жүзеге асырады.

Осыған байланысты апостиль қою-дың осы автоматтандырылған ресімі азаматтарға мемлекеттік қызметті онлайн режимінде алуға мүмкіндік береді. Осылайша, электрондық апос-тиль - апостильді қою, жазу және тек-серу үшін жылдам, қауіпсіз және қағаз-сыз процедураын енгізеді.

ҚР-да жасалған әрбір ресми құжат-қа апостиль қойғаны үшін - 0,5 АЕК мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

Ақтөбе облысының Әділет департаменті

ЭЛЕКТРОННЫЙ АПОСТИЛЬ ВЫДАЕТСЯ ЧЕРЕЗ ПЭП

ВОПРОС: Здравствуйте! Можно ли документы апостилировать электронно?

ОТВЕТ: Здравствуйте! Да, возмож-

но.

Согласно Правил апостилирования официальных документов, исходящих из органов юстиции и иных государ-ственных органов, а также нотариусов РК заявление подается **посредством веб-портала «электронного прави-тельства» (далее-портал) в элек-тронном виде.**

Услугополучатель имеет возмож-ность получения государственной услуги в электронной форме через портал при условии наличия элек-тронной цифровой подписи (далее - ЭЦП).

Электронный апостиль выдается через ПЭП путем скачивания апос-тиля с применением защитного кода (код безопасности и код заявки), переданного уполномоченным госу-дарственным органом при подаче заявления.

Департамент юстиции Актобинской области

Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы, Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Құбышевтар отбасына, Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі Үмбетова Камшатқа **анасы Алмаштың** қайтыс болуына байланысты ағайын тума-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

БҮГІНГІ ЖАС ҰРПАҚ - ЕРТЕҢГІ ЖАҢА ӘЛЕМ



Ұрпақ тәрбиесі қашанда қоғамның өзекті мәселесі. Баланың ес біліп жан-жағын тани бастағаннан бастап, жас ерекшелігіне сай білім мен тәрбиені жас ұрпақ бойына қатар сіңіретін ол-балабақша. Еліміздің тәуелсіздік жылдары білім саласында тың өзгерістер көп болды.

Соның бірі - 2011 жылы Ойыл селосында «Балапан» бағдарламасы аясында «Асанәлі» бебеюкал-баша-сы» ашылды. Ғимарат кең, жарық, заманауи үлгіде жабдықталды. Алғашқы жылдары 75 тәрбиеленуші, 11 педагог, 26 кіші қызметкерлермен қамтылып, 2011-2014 жылдар аралы-ғында Бағила Базарбаева басшылық етті. 2014 жылдан бастап бебеюкал-балабақшаға жетекшілік етіп келеміз. 2015 жылы қазан айында «Ерестік санатория үлгісіндегі балалар бақ-шасы» «Асанәлі» балабақшасына қосылып, 21 педагог, 115 тәрбиеле-нушімен толықты. Болашақта өркениетті дамыған елдің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Халық даналығы «Жаста берген тәрбие – жас шыбықты игендей» - дейді. Бүлдіршіндерді жан-жақты тәрбиелеу мақсатында балабақшада «Бала қиялы» атты шығармашылық бұрыш, «Рухани жаңғыру» бағдарла-масын жүзеге асыру мақсатында ұлттық тәрбие бұрыштары жасақ-талды. Педагогтар жыл сайын білім-тіктерін арттырып, білімдерін жетіл-діруде. Егеменді еліміздің тәуелсіз-дігінің арқасында, тәрбиеленуші-лермен, тәрбиешілер облыстық, республикалық жетістіктерге қол жеткізуде. Балабақша өн-би үйіре-сімен жетіліп, өртүрлі жеңістерді бағындырды. «Балалықтың қанына ойын азық», - дегендей, ойната жүріп, оқыту, білім беру мен тәрбиелеуді заман талабына сай ұйымдастыру арқылы ашық оқу кезеңімен ертең-гі іс-шаралар өз деңгейінде өткі-зіледі. Педагогтар өз тәжірибелерін республика көлемінде таратып білім-тіктерін арттырды. Меселен, өзім



2015 жылы Сочи қаласында өткен ІІ Халықаралық Мектепке дейінгі ұйым педагогтарының слетінде, 2014 жылы Көкшетау қаласындағы І Қазақстан-дық «Жүрек жылуын балаларға бере-міз» атты слетте балабақшаның жұмыстарын кеңінен тараттым. 2017 жылы Нұрсұлтан қаласында тәрбиеші А.Ерішева ҚР Тәуелсіздігінің 25 жыл-дығына арналған Халықаралық кон-ференцияда «Жаңа технологиялық әдіс - балабақшада» атты баяндама жасап, өз тәжірибесімен бөлісіп, республикалық жинаққа енсе, 2019 жылы ҚР Білім және Ғылым минис-трлігінің Алғыс хатымен марапаттал-ды. 2018 жылы тәрбиеші А.Асылжа-нова Көкшетау қаласында өткен Республикалық семинарда ашық оқу қызметін жоғары деңгейде көрсетіп, «Үздік шығармашыл педагог» номи-нациясымен марапатталды. 2018 жылы ҚР Білім және Ғылым мектепке дейінгі және орта білім департамен-тінің Грамотасын иеленді. 2019 жылы Ақтау қаласында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі педагог-тарының «Жүрек жылуын балаларға береміз» V Республикалық слеті аясында «Педагогикалық шығарма-шылықтың құпиялары» тақырыбы бойынша тәрбиеші А. Үсенғалиева І орынды иеленіп, марапатталды. 2020 жылы «Самғау» әдістемелік Респуб-ликалық ғылыми-әдістемелік ұйымы-ның ұйымдастыруымен «Асыл ұтас» төсбелгісін Ж.Жолдаева, Н.Бермұқа-

шева, А.Үсенғалиева, А.Қабиева, А.Баймұрзиналар иеленді. 2020 жылы Музыка жетекшісі С.Таңатаровтың тәрбиеленушілері «Ақтөбе дауысы» атты І облыстық сайыста топ жарып, тәрбиеленушілері А.Сағынтаев ІІ орынды, хореограф А.Медетованың жетекшілігімен Н.Нурболұлы І орынды, Ө.Қанатбаев облыстық Абай оқуларында «Көркем сөз оқу» сайы-сында І орынды иеленіп, «Самғау» Республикалық журналына шықты.

«Мектеп жасына дейінгі балалар-дың тілінің дамуы, өзіне-өзі қызмет көрсетуі және жазуға дайындық дағдысын қалыптастыру» мақса-сында емдеу-сауықтыру тобы «Су-джок әдісін» қолға алып жұмыстануда. 2019 жылы балабақша «Үздік балабақша-2019» номинациясына ие болды. 2020 жылы ҚР білім, ғылым, мәдениет, өнер, тәрбие, әлеуметтану, экономика, әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы үздік қызметкерлердің Ақтөбе облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Құрмет грамотасымен С.Таңатаров, Д.Мергенова, А.Үсен-ғалиева, Ж.Жеделова марапатталса, 2020-2021 жылы Ақтөбе облысының білім басқармасының Құрмет грамо-тасымен Г.Медина, А.Асылжанова, С.Таңатаровтар марапатталды.

Балабақшада Республикалық «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақ-сатында балабақшаішілік жобалар ұйымдастырылды. Жоба аудандық балалар кітапханасының әдіскері Г.Каплиевамен, аудандық мұражай-дың ғылыми қызметкері Д.Исбаев-пен, облыстық ұлттық нақыштағы өшекей бұйым зергершісі Қ.Таханов-пен, биші Н.Тапалованың шөкірті Г.Сағыновамен және тәрбиелену-шілердің ата-аналарымен бірлесе отырып ұйымдастырылып жоғары деңгейде өтіп, өз мақсатына жетті. Тұңғыш балерина Н.Тапалованың өмірін, шығармашылығын зерттеу барысында «Сыр тұнған сиқырлы саусыңдар» атты жоба қорғалды. Бүлдіршіндерге насихаттауда жасал-ған жұмыстардың куәсі болған «Жор-ға» би мектебінің директоры С.Сариев Ақтау қаласындағы республикалық «Заманмен заңғарланған Нұрсұл» жобаға бізді кеш қонағы етіп шақыр-ды. Жоба жоғары деңгейде ұйымдас-тырылып, кеш қонақтары Алғыс хат-пен марапатталды.

Бала дегеніміз - жан-жағына сөуле шашатын гаухар тас секілді. Біз оның ерекше қырын тауып, дамыта білуіміз керек. Сонда ғана ол жарқырап, жалынмен өлемді шарптын алмас қылышқа айналады.

Әсел БИСЕБАЕВА,
«Асанәлі» бебеюкал-
бақшасының» меңгерушісі.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Көрсетілетін қызметті алушылар-дың мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы хабардар болуын қамтамасыз ету және қызмет алушы қажетті ақпаратты мүлтіксіз алуына мүмкіндіктер жасау біздің басты міндетіміз. Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы арқылы 3 (үш) мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

1. «Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалдана-тын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру».

Экспорттау кезінде орны ауыстыры-латын (тасымалданатын) объекті-лерге ветеринариялық сертификаты Кедең Одағы мемлекеттерімен және үшінші елдерге ауыл шаруашылық жануарларының, олардың өнімдерін және т.б ауыл шаруашылық өнімдерге №1,2,3 формалы сертификат береді. Мемлекеттік қызмет көрсету элек-тронды веб-портал (www.egov.kz, www.elicense.kz) арқылы және қағаз түрінде жүргізіледі. Қызмет алушы құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап ветеринариялық сер-тификат 3(үш) жұмыс күн ішінде беріледі.

Осы аталған қызметті көрсету үшін құжаттардың тізбесі:

- Нысан бойынша өтініш;
- Жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
- Жануарлард алынатын өнім мен шикізатты тасымалдау кезінде сараптама актісінң көшірмесі;
- Иттер мен мысықтардың орнын

ауыстыру кезінде ветеринариялық паспорт көшірмесі;

5) Бланк үшін төлем жасағаны туралы түбірет көшірмесі;

Көрсеткен қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы 30 минут, көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсету 30 минут ішінде жүргізіледі.

2. «Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру»

Мемлекеттік қызмет «электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы және қағаз түрінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

Көрсетілетін қызметті алушы (не оның өкілі) жүзінген кезде мемле-кеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

- өтініш;
- жеке басын куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттігін растайтын құжат (сәйкестендіру үшін);
- мемлекеттік қызметті беруші кеңсесінің жұмыскері өтінішті келіп түскен күні тіркейді және оны жауапты қызмет-керді тағайындайтын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жібе-реді.
- Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын және (немесе) мәліметтерді ұсынған жағ-дайда, көрсетілетін қызметті беру-шінің жауапты қызметкері өтінім тіркелген сөттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде өндіріс объектісіне есепке алу немірін береді және өндіріс